2026 жылғы 1–7 қыркүйек аралығында ауылдық елді мекендердегі жалға берілетін баспанаға өтінім қабылданады

2026 жылғы 1 қыркүйек пен 7 қыркүйек аралығында (қоса алғанда) **baspana.otbasybank.kz**порталында ауылдық елді мекендерде орналасқан жалға берілетін тұрғын үйді алуға тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған азаматтардан өтініштер қабылдау басталады.

Азаматтар өтінішті тұрғын үйге мұқтаждар есебінде (кезекте) тұрған аудан орталығы бойынша ғана бере алады.

Іріктеу қалай жүргізіледі

Өтініш беру мерзімі аяқталғаннан кейін Отбасы банк Мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларының талаптарына сәйкес жалға берілетін тұрғын үйді алатын азаматтарды анықтайды. Негізгі критерийлер:

- Тұрғын үйге мұқтаждар есебіне **қойылған күні**;
- Отбасының соңғы 6 айдағы **табыс деңгейі**;
- **Отбасы құрамы**.

Өтініш беру электронды форматта жүзеге асырылады. Катысу үшін жарамды электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет.